**ЦИКЛОГРАММА**
***III апта (20 -24 қыркүйек 2021 ж.)***
**«Айгөлек» Ересек және Ортаңғы тобы**

**Өтпелі тақырып:** «Балабақша»

| **Күн тәртібі** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау | Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы. Балабақша туралы жан-жақты әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға арналған ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату. Балалардың көңіл -күйлеріне назар аударып, қызуын өлшеп қабылдау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс. | | | | |
| Ата – аналармен әңгімелесу | Қабылдау ережелері, демелыс күндерін өткізу дәстүрлері т.б. бойынша ата-аналармен пікірлесу;<br>Баланың өміріндегі екінші әлеуметтік орта - балабақша туралы, ондағы тәрбиелеу мен оқыту үдерістері жайлы әңгімелесу;<br>Балалардың өсуі мен дамуы үшін отбасында жасалынған жағдай жөнінде әңгімелесу;<br>Балаларды үлкендерді құрметтеуге тәрбиелеу мәселелері, озық іс-тәжірибелер бойынша әңгімелесу;<br>Өзін – өзі күтуге және жақындарына көмек беруге үйрету тақырыптары бойынша сөйлесу, пікірлесу | | | | |
| Ойындар (үстел-үсті, саусақ және т.б. ) | **Д\О:**«Гүл шоқтарын толықтыр»<br>**Мақсаты:** Балалардың қызығушылықтарын дамыту | **Д\О:** «Конструктор»<br>**Мақсаты:** Балалардың ұсақ қол маторикасын дамыту | **Д\О:** «Сиқырлы қапшық»<br>**Мақсаты:** Балалардың сипап-сезу іс-әрекетін дамыту. | **Д\О:** «Қай қолымда көп»<br>**Мақсаты:** Аз және көп заттарды ажыратуға, ойлау қабілеттерін дамыту. | **Д\О:** «Матрешканы безендір»<br>**Мақсаты:** Балалардың ұсақ қол маторикасын дамыту |
| Таңертеңгі гимнастика (5 мин) | Музыка әуенімен таңертеңгілік жаттығулар кешені. Қазақстан Республикасының гимн орындау. | | | | |
| Таңғы ас | Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау | | | | |
| Ойындар, ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық | **Д\О:** «Төлдерін тап»<br>**Мақсаты:**Балалар әр жануарлардың төлдерін табады. | **Д\О:** «Сегізаяқты»<br>**Мақсаты:** Қысқыштар арқылы көрсету, санау. | **Д\О:** «Ойықтарды табамыз»<br>**Шарты:**Берілген ойықтарға орналастыру | «**Д\О:** Көңілді таяқшалар»<br>**Шарты:** Смайликтер арқылы көңіл-күйлерін көрсету. | **Д\О:** «Қысқыштар»<br>**Шарты:** Әр жануарлардың тағамдарын көрсету, қыстыру |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Ұйымдастырылған оқу қызметтері<br>Бала үні<br>4к моделі<br><br>Ойындар<br>-тәрбиешінің жетекшілігімен ойын<br>-құрылымдалған ойын<br>-Еркін ойын | **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:** 1.Тізені жоғары көтеріп жүреді және аяқтың ұшымен жүгіре алады. Қарама-қарсы отырып, аяқты алшақ ұстап допты домалатады. Тепе-теңдікті сақтай отырып, бір-бірінен 10 см қашықтықта орналасқан тақтай бойымен жүреді.<br>**Қолданылатын көрнекі құралдар:** Тақтай, доптар<br><br>**Әдіс-тәсіл:** көрсету, түсіндіру, ойнату.<br><br>**Қимылды ойын:** «Жүгір де ұста»<br><br>**Мақсаты:** Ептілікке, жылдамдыққа тәрбиелеу<br><br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Біледі:** Аяқтың ұшымен жүгіруді;<br>**Игереді:** аяқты алшақ ұстап допты домалатуды;<br>**Меңгереді:** орналасқан | **1Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:** 2.Тізені жоғары көтеріп жүреді және аяқтың ұшымен жүгіреді. Тепетеңдікті сақтай отырып, бір-бірінен 10 см қашықтықта орналасқан тақтай бойымен жүреді. 2-3 м қашықтыққа алға жылжи отырып секіреді.<br>**Қолданылатын керекті көрнекі құралдар:** Тақтай<br><br>**Әдіс-тәсіл:** көрсету, түсіндіру, ойнату.<br>**Қимылды ойын:** «Аттар»<br><br>**Мақсаты:** Балалардың қимыл қозғалыстарын дамыту, балалардың дене қимылдарын , бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Біледі:** Тізені жоғары көтеріп жүруді; | **Жаратылыстану.**<br><br>**Тақырыбы:** «Қуыршақтар қонақта»<br><br>**Мақсаты:** Көкөністерді, жемістер мен саңырауқұлақтар туралы түсінеді ,олармен ойыншықтарды қоректендіру арқылы ажыратады. (қуыршақты жемістермен, қоянды сәбізбен)<br><br>**Әдіс-тәсіл:** көрсету, түсіндіру,сұрақ-жауап<br>**Қолданылатын керекті көрнекі құралдар:** Қуыршақтар, Көкөністердің, жемістер мен саңырауқұлақтар<br><br>**Д/О:** «Көкөністер мен жемістер»<br><br>**Мақсаты:** Жемістерден көкөністерді ажыратады және атайды.Ойыға деген қызығушылықтары артады.<br><br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Біледі:** Көкөністерді, жемістер мен | **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:** 3.Тізені жоғары көтеріп жүреді және аяқтың ұшымен жүгіреді. 2-3 м қашықтыққа алға жылжи отырып секіреді. Қарама-қарсы отырып, аяқты алшақ ұстап допты домалатады.<br>**Қолданылатын көрнекі құралдар:** Тақтай, доптар<br><br>**Әдіс-тәсіл:** көрсету, түсіндіру, ойнату.<br><br>**Қимылды ойын:** «Жүгір де ұста»<br><br>**Мақсаты:** Ептілікке, жылдамдыққа тәрбиелеу<br><br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Біледі:** Аяқтың ұшымен жүгіруді;<br>**Игереді:** аяқты алшақ ұстап допты домалатуды;<br>**Меңгереді:** орналасқан тақтай бойымен жүруді; | **Құрастыру**<br><br>**Тақырыбы:** «Үйлер»<br><br>Кірпіштерді қалау арқылы ойыншықтың құрылысын құрастырады<br><br>**Әдіс-тәсіл:** көрсету, түсіндіру,сұрақ-жауап<br>**Қолданылатын керекті көрнекі құралдар:** Қатты картон, желім т.б, конструкторлар, санамақ таяқшалары.<br><br>**Д/О:** «Кім тез құрастырады»<br><br>Мақсаты: Геометриялық пішіндер жайлы біледі, атайды.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Біледі:** Кірпіштен қаланатыны туралы; |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тақтай бойымен жүруді;<br><br>**Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:** «Біздің ойыншығымыз.»<br>**Мақсаты:**Жұмсақ және қатты ойыншықтар туралы біледі, ойыншықтарды жалпы белгілері бойынша топтастырады, сипаттайды және шағын әңгімелер құрастыра алады.<br>**Әдіс-тәсіл:** Түсіндіру, сұрақ-жауап<br>**Қолданылатын керекті көрнекі құралдар:** топтағы әртүрлі ойыншықтар<br>**Д\О:** «Ойыншықтарды тап»<br>**Ойын шарты:** Бөлмеде әр түрлі орында ойыншықтар жасырылады (екі | **Игереді:** және аяқтың ұшымен жүгіруді;<br>**Меңгереді:** 2-3 м қашықтыққа алға жылжи отырып секіруді;<br>**2.Русский языкг**<br>**Тема**: «Игрушки»<br>**Цель:** Дети учаться правильному произношению гласных звуков, формировать навыки понимания и восприятия названий игрушек, отвечать на короткие вопросы простыми предложениями.<br><br>**Қ.М.Ұ.Қ.**<br>**Тақырыбы:** «Қызықты пішіндер»<br>**Мақсаты:** Балалар геометриялық пішіндер шеңбер және шаршыны таниды,ажыратады.<br>**Әдіс-тәсіл:** | саңырауқұлақтар туралы;<br>**Игереді:** (куыршақты жемістермен, қоянды сәбізбен);<br>**Меңгереді:**Ойын шарттарын;<br><br>**2.Музыка**<br>Ойыншықтардың зат екенін балаларға түсіндіру. Ән –күйлерді тыңдату, қабылдау,есте сақтау және музыкалық жанрды ажырата білуге үйрету:<br>**Әдіс-тәсіл:** Түсіндіру, қайталату, сұрақ-жауап<br>**Қолданылатын керекті көрнекі құралдар:** Балабақша заттарының. суреттері Ән тыңдау: «Ойыншық»<br>Ғ. Жұбанова<br>Дауыс жаттығуы: «Жаңғырық»<br>Ән салу: «Ойыншықтар» И. Нүсіпбаев.<br>Муз ырғақты қимыл: «Қуыршақпен билейміз»<br>**Күтілетін нәтиже: Біледі:** Ойыншықтардың зат | **Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:**<br>**Үш аю ертегісі**<br>**Мақсаты:**Үш аю ертегі желісін ретімен айта алады ертегіні сақналайды.<br>**Әдіс-тәсіл:** көрсету, түсіндіру,сұрақ-жауап<br>**Қолданылатын керекті көрнекі құралдар:**ертегі кейіпкерлерінің суреттері<br>**Қ\О:** «Қимылын көрсет»<br>**Ойын шарты:** айтылған аңдардың қимылын көрсет мысалы: қоян, қасқыр, түлкі,аю, бақа, т.б .<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Біледі:** Үш аю ертегісін;<br>**Игереді:** ертегі желісін ретімен айтуды;<br>**Меңгереді:** ертегіні сақналауды; | **Игереді:** Қалау арқылы үй құрастырылатыны туралы;<br>**Меңгереді:**геометриялық пішіндерді;<br><br>**Жапсыру**<br>**Тақырыбы:**<br>«Жиһаз»<br>**Мақсаты:** Дайын пішіндерден шкафтың бейнесін жасайды.<br>**Әдіс-тәсіл:** көрсету, түсіндіру,сұрақ-жауап<br>**Қолданылатын керекті көрнекі құралдар:**Қатты картон, желім<br>**Д/О:** «Менің үйімде...»<br>Шарты: Үй құрлысының жабдықтарын жапсыру(терезе, есік, жиһаз т.б)<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Біледі:** Дайын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бірдей биіктікте және тағы екі түрлі…). Белгі берілгенде балалар іздей бастайды. Ойыншықты тапқан соң, тәрбиешінің сол жағына тұрады. Олар көлемі бойынша қандай ойыншықтар тапқанын және бір-бірінен қалай ажыратылатындығын айтады. Мәселен, «екі бірдей шырша» және «қуыршақтың ұзын шаштысы қысқа шашты қуыршақтың қасында тұр».<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Біледі:** Жұмсақ және қатты **о**йыншықтар туралы;<br>**Игереді:** ойыншықтарды жалпы белгілері бойынша топтастыруды;<br>**Меңгереді:** сипаттайды және шағын әңгімелер құрастыра алуды;<br><br>**Сурет салу.**<br>**Тақырыбы:** | Түсіндіру,көрсету, сұрақ-жауап<br>**Қолданылатын керекті көрнекі құралдар**: пішіндер<br>**Д\О:** «Дәл осындай пішінді тап»<br><br>**Мақсаты:** геометриялық пішіндер жайлы біледі, пішіндерді атайды, ажыратады, салыстырады.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Біледі:** Балалар геометриялық пішіндерді;<br>**Игереді:** шеңбер және шаршыны;<br><br>**Меңгереді:** Ойын шарттарын; | екенін;<br><br>**Игереді:** Ән –күйлерді;<br><br>**Меңгереді:**есте сақтап және музыкалық жанрды ажырата алады;<br><br>**Вариативтік бөлім:** «Саусақ театр»<br>**Тақырыбы: «**Үш аю ертегісі**»**<br>**Мақсаты:** Ертегіні еске түсіру арқылы балалардың тілдерін дамыту.Ойын арқылы кейіпкерлердің ролін таңдай отырып, балалардың қызығушылықтарын арттыру. Тілдерін жаттықтыру.<br>**Әдіс-тәсілі:** Көрсету, түсіндіру, сұрақ-жауап.<br>**Қолданылатын көрнекі құралдар:** Үйшік,орман, талдар, орындық, маскалар, төсек орны, ботқа, ыдыстар,себет<br>**Д\О:** «Аңдарды ізінен таны»<br>**Шарты:** балаларға әртүрлі аңдардардың іздері беріледі. Балалар қай із қай аңның ізі екенін табады.<br>**Күтілетін нәтиже;**<br>**Біледі:** Үш аю ертегісін; | **Вариативтік бөлім:** «Шынықсаң шымыр боларсың»<br>**Тақырыбы: «**Суретші саусағым**»**<br>**Мақсаты:** Саусақ арқылы сурет сала білуге үйрету.<br>**Әдіс-тәсілі:** Көрсету, түсіндіру<br>**Қолданылатын көрнекі құралдар:** Қол орамал<br>**Қ/О**: «Допты қуып жет»<br>**Шарты:** Балалар ойнап жүреді.Нұсқаушы балалардың атын атап шақырады да допты әр бағытқа домалатады.Әрбір бала доптың артынан жүгіріп, оны ұстап алып әкеледі.<br>**Күтілетін нәтиже;**<br>**Біледі:** Қолын сермеу, шеңбер жасау арқылы сурет салуды;<br>**Игереді:** Қимылдату арқылы;<br>**Меңгереді:**Саусақтың қимылы арқылы сурет салуды; | пішіндерден шкафты;<br><br>**Игереді:** Үй жиһаздарын;<br><br>**Меңгереді:**Үй құрылысын;<br><br>**Вариативтік бөлім:** «Мен суретшімін»<br>**Тақырыбы: «**Қарақат бұтағы**»**<br>**Мақсаты:** Таяқшаларды қолдану арқылы балалардың бейнелеу өнеріне деген қызығушылықтарын ояту. Дәстүрден тыс әдісті пайдаланып, суретті қағаз бетіне түсіру. Балалардың табиғатқа деген қамқорлық, сүйіспеншілік сезімдерін тәрбиелеу.<br><br>**Әдіс-**тәсілі: Көрсету, түсіндіру, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | «Сылдырмақ»<br><br>**Мақсаты:**Түзу сызықтарды түрлі бағытта сызады, сүйікті ойыншығының суретін сала алады.<br><br>**Әдіс-тәсіл:** Түсіндіру, сұрақ-жауап, көрсету.<br><br>**Қолданылатын көрнекі құралдар:** Сылдырмақ түрлері, А4 бет, түрлі-түсті бет<br><br>Д/О: «Неге,не үшін?»<br><br>Мақсаты: Еңбекке қажеттіні қалыптастыру.Білімде еңбек жағдайларын кеңейту.<br><br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Біледі:** Түзу сызықтарды түрлі бағытта сызуды;<br>**Игереді:** сүйікті ойыншығының суретін сала алуды;<br><br>**Меңгереді:** Ойын шарттарын; | | **Игереді:** Машаның ақылдылығы;<br>**Меңгереді:** Үш аю мен Машаның достығын; | | сұрақ-жауап<br><br>**Қолданылатын көрнекі құралдар:** Үлгі сурет, бояулар, су ыдысы, сулық, қылқалам, мақталы таяқшалар<br><br>**Д/О:** «Нені қайдан алуға болады?»<br><br>**Мақсаты:** Адамға қажетті заттарды біледі және нені қайдан алатынын түсінеді.<br><br>**Күтілетін нәтиже;**<br>**Біледі:** Қарақат бұтағының суретін салуды;<br><br>**Игереді:** Дәстүрден тыс суретті салуды;<br><br>**Меңгереді:** Мақталы таяқшамен қарақаттың суретін салу әдіс-тәсілдерін; |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |
| Серуенге дайындық | Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау. | | | | |
| Серуендеу Бақылау | Күзгі картотека № 3<br>Бұлтты бақылау<br>**Еңбек:** Учаскедегі шашылған ағаш бұтақтарын жинату.<br>**Қимылды ойындар:** «Ақ қоян», «Күзгі тіршілік» | Күзгі картотека №4<br>Жәндікті бақылау<br>**Еңбек:** Құм салғыштағы құмды күрекшелерімен көтеру.<br>**Қимылды ойындар:** «Күн мен түн» | Күзгі картотека №7<br>Құмдағы іздерді бақылау<br>**Еңбек:** Құм салғыштың айналасындағы құмдарды күрекшемен жинату.<br>**Қимылды ойындар:** «Жапырақ жинау | Күзгі картотека №8<br>Жерге түскен жапырақтарды бақылау<br>**Еңбек:** Құм салғыштың ішіне түскен жапырақтардан тазалау.<br>**Қимылды ойындар:** «Ақсерек-көксерек» | Күзгі картотека №9<br>Күз мезгіліндегі желді бақылау<br>**Еңбек:** Учаскедегі шашылған қағаздарды жинау.<br>**Қимылды ойындар:** «Ұшты-ұшты» |
| Серуеннен оралу | Балалардың дұрыс шешінуін, шкафқа киімдерін орналастыру тәртібін бақылау. Мәдени-гигиеналық талаптарды орындауларын қадағалау | | | | |
| Түскі ас | Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру. Тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету. | | | | |
| Түскі ұйқы | Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. | | | | |
| Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынықтыру шаралары | Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында ортопедиялық жол бойымен жүру.<br>Массажды кілемшеде жүру | | | | |
| Бесін ас | Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдануды жетілдіру. тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету. | | | | |
| Ойындар, дербес әрекет Бақылау | «Маша мен аю»мультфильм қарау<br>Мақсаты: Балалардың қызығушылығын дамыту. | Ертегі оқу: «Шалқан»<br>Мақсаты:Балалардың зейін тұрақтандыру. | Балабақша ойыншықтарымен еркін ойын.<br>Мақсаты: Емін- еркін ойнауы. | «Көңілді көпіршіктер»<br>Мақсаты: Балаларға көңілді көңіл-күй сыйлау. | «Конструкторлармен ойын»<br>Мақсаты: Балалардың ұсақ қол маторикасын дамыту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс | Дене шынықтыру оқу іс әрекеті бойынша Даниарға аяққа және қолға арналған жаттығулар жасату. | Сөйлеуді дамыту оқу іс әрекеті бойынша «Құлыншақ»тақпағын қайталату. | Самираға сурет оқу іс әрекеті бойынша суретті дұрыс бояуға жаттықтыру. | Айқынмен көркем әдебиет сабағы бойынша «Менің балабақшам» тақырыбында әңгімелесу. | Мұрагермен құрастыру оқу іс әрекеті бойынша бірге жұмыстану. |
| «Тұтас бала бейнесі» | Ата-аналарға кеңес: «Баланың күн тәртібін ұйымдастыру» | Ата-аналарға кеңес: «Баланың балабақшаға бейімделуі» | Ата-аналарға кеңес: Баланың киінуіне мүмкіншілік беру. | Ата-аналарға кеңес: «Отбасында не істей алады?» | Ата-аналарға психологтың кеңесі: «Бала неге жылайды?» |